

**«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Ата-аналарменмен өткізілген сауалнама қорытындысының
Хаттамасы №1**

Күні: желтоқсан 2022ж

**Ата-аналарменмен өткізілген: "Ата-аналарға арналған сауалнама"
Сауалнамаға «45» ата-ана қатысты.**

Жұмыстың мақсаты: Ата-аналармен жұмыс жасау арқылы бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру

Жұмыстың жүргізілу барысы: берілген сұрақтарға жауап беру

Жұмыстың қортындысы:

№	Сауалнама	Жауаптары
1	Балаңыздың туған күні	45ата-ана жауап берген
2	Тәрбиешісінің толық аты жөні?	45 ата-ана жауап берген
3	Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?	45 ата-ана жауап берген
4	Балаңыз балабақшадан кеше қандай көңіл күймен оралды	Жақсы – 14 ата-ананың жауабы Көңіл күйі түсіңкі – 1 ата-ананың жауабы Көңілді – 30 ата-ананың жауабы
5	Балаңыздың сүйікті ойыншығы қандай?	45 ата-ананың жауап берген
6	Балаңыздың сүйікті асы қандай?	45 ата-ананың жауап берген
7	Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?	45 ата-ананың жауап берген
8	Балаңыз неше айдан бастап еңбектей бастады?	45 ата-ананың жауап берген
9	Балаңыз балабақшаға қуанышты көңіл күймен келе ма?	Иә – 44 Жок - 1
10	Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?	45 ата-ананың жауап берген
11	Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен қандай сөз аузыңызға түседі? т.с.с	45 ата-ананың жауап берген
12	Балаңыздың тобының атауы?	45 ата-ананың жауап берген
13	Балаңыз нешінші топта?	45 ата-ананың жауап берген

Педагог-психолог: Құрақбаева Б.А

**«Айналайын» Токмансай бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Ата-аналармен өткізілген сауалнама қорытындысының
Хаттамасы №2**

Күні: ақпан айы 2023жж.

Ата-аналарменмен өткізілген: «Сіздің балаңыздың қызығушылығы?»

Сауалнамаға «48» ата-ана қатысты

Жұмыстың мақсаты: . Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.

Жұмыстың жүргізілу барысы: Сауалнама арқылы ата-анамен баланың қарым-қатынасын анықтау.

1. **Балаңыздың аты-жөні-** 48 ата-ана жауап берді
2. **Балаңыз қандай ойындарды қалайды?**
 - машинамен ойнау - 15,
 - куыршақпен-13,
 - телефон ойыны-9,
 - әр түрлі ойын түрлерімен-11
3. **Кіммен жиі ойнайды?**
 - Өзімен-өзі - 16,
 - бауырларымен- 20,
 - барлық адамдармен – 12
4. **Балаңыз ұжымда өзін қалай ұстайды?**
 - Жақсы-25,
 - орташа-23
5. **Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады?**
 - Ата-ана-48
6. **Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды?**
 - Әр түрлі -жауаптар
7. **Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз?**
 - Көндіру-13,
 - түсіндіру-14,
 - қатал тәртіп қою-6,
 - мадақтау -15,
 - жазалау-0

Педагог-психолог: Құрақбаева Б.А

Ата-аналармен жүргізілген тренинг

«Ата-ана махаббаты» тренинг

Мектеп өміріндегі ең маңызды, жауапкершілікті талап ететін жұмыстардың бірі ата-аналар жиналысын өткізу. Жиналысты қалай қызықты, әрі пайдалы өткізуге болады? Осының барлығы жаңадан класс жетекші болған мұғалімге пайдалы болуы мүмкін.

Мақсаты:

Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Көрнекіліктері: Тақырып, қағаздар, шам, теледидар, сиқырлы таяқша, альбом, газет, шар.

Тренинг бағдарламасы:

1. Есімдер аллитерациясы
2. Баяндама. «Ата-ана махаббаты»
3. «Біз біргеміз!» жаттығулар
4. «Өтінемін!» ойыны
5. «Сиқырлы таяқша» жаттығу
6. «Тілек шамы»
7. Ой-толғаныс

Тренинг барысы:

I. Ата-аналарды тіркеу. Бағдарламамен танысу.

II. Есімдер аллитерациясы.

Мақсаты: Ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.

Шарты: Әр отбасынан бір адам осы жерде отырған отбасы мүшелерінің есімдерін айтып және де есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жағымды қасиетін айту қрек.

Әр отбасының сөзінен кейін қалғандары үш рет қол соғып қошеметтеп қояды.

- Сіздің есіміңізді, жақсы қасиетіңізді айтып жатқанда қандай сезімде болдыңыз?
- Өзіңіз қазіргі кезде қандай көңіл-күйде отырсыз?

III. Баяндама. «Ата-ана махаббаты»

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынстарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәне мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл

– жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата - ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөнге менің маңдайыма кірсін,» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған.

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс.

Ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибенің жоқтығы, болмаса тәрбие жұмыстарында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі немесе қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі салдарынан тәрбие процестері көптеген қателіктерге ұшырап отырады.

Сондықтан да мектеп өміріндегі ата-аналардың педагогикалық білімін жетілдіру, мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіне белсене араластыру, соның нәтижесінде ата-ананы баланың алғашқы ұстазына айналдыру мақсатында ұйымдастырылатын семинар тренингтердің маңызы орасан зор.

III. « Біз біргеміз!» жаттығулар

Мақсаты:

Отбасындағы қарым –қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.

Қолынан танып біл!»

Көздері байлаулы әкелері балаларын тауып алулары керек.

Талдау:

1. Сізге баланызды табуға не көмектесті?
2. Баланыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

«Біз бақытты жанұямыз!»

Алдын-ала салынған суреттер арқылы өз балаларыңыздың салған суреттерін тауып алыңыздар.

Талдау:

1. Өз отбасыңыздың суретін қалай таптыңыз?
2. Өз отбасыңызды табу қиын болды ма?
3. Суреттерден отбасыңыздың суретін тапқаннан кейін қандай сезімде болдыңыз?

«Аралда»

Қажетті құралдыр: газет

Қатты теңіз толқуынан кейін кеме суға кетіп, кеменің ішіндегі жолаушылар аралдарға бөлініп топталды. Енді осы аралдарда әрбір отбасы өмір сүріп жатыр. Аралдарды бірте-бірте су басуда, енді әр отбасы осы аралдан өздерін аман алып шығулары керек.

«Үшеуіміздің суретіміз!»

Суретті бір-бірімен ақылдаспай асалады. Баласы суретті бастайды, әкесі жалғастырады және екінші суретті бастап кетеді, анасы ол суретті жалғастырады және келесі суретті бастап кетеді, баласы суретті аяқтау керек.

Талдау:

1. Сіздің бастаған суретіңіз ойыңыздан шықты ма?

2. Алға қойған мақсатқа жету үшін кедергі болды ма?
 3. Бір-біріңізді қалай түсіндіңіз?
 4. Өзіңіз суретке қанағаттанасыз ба? Жоқ болса неге?
- Әр отбасының салған суреттерін талқылауға уақыт беріледі.

IV. «Өтінемін» ойыны.

Мақсаты:

Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

Қатысушылар ортаға жартылау шеңбер жасап тұрады.

- Құрметті ата-аналар, балалар! Сіздер қандай «сиқырлы» күші бар сөздерді білесіздер?

- Рахмет, өтінемін, т.б

- Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет. «Өтінемін» деген сөзді айтпасам, сіздер ол өтінішті орындамайсыздар.

- секіріндер

- оң аяқтарын көтеріндер

- өтінемін, алақанмен қол шапалақтандар

- өтінемін, бір-бірінді құшақтандар.

- оң қолдарымен сол құлақтарыңды уқаландар

V. «Сиқырлы таяқша» жаттығу.

Сиқырлы таяқшаны бір-біріңе ұсына отырып, адам бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерді айтып шығайық

Жағымды	Жағымсыз
Мейірімділік	Өтірік айту
Жан ашу	Өшпенділік
Сыпайылық	Кек сақтау
Даналық	Тіл алмау

Әр жағымсыз қасиеттің өзінің жақсы жағы болады. Мысалы: сараң адам ол – үнемшіл. Төбелесу – біреуге қол ұшын бері. Енді осы жағымсыз қасиеттердің де өзіндік жақсы жақтары болады, соны айтайық.

VI. «Тілек шамы».

Мақсаты:

Тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

Құрметті ата-аналар, балалар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз.

Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере

отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

VII. Ой-толғаныс.

Тренингтің басталуында сіздерге бағдарлама берілді. Сол бағдарламаның артында күн, гүл, жапырақ бейнесіндегі жапсырмалар бар.

Осы белгілер бойынша ата-анаға, оқушыға, мұғалімге өз ұсыныстарыңызды немесе ой-пікірлеріңізді жазуыңызға болады. (Жазған пікірлерін оқи отырып, көктем бейнесін шығару.)

Ата-аналармен жүргізілген тренинг

Отбасы тренингі

Тақырыбы: «Отбасы қарым-қатынастар үндестігін қалай құруға болады?»

Түрі: ата-аналармен сұхбат сағаты

Әдісі: тренинг, пікірлесу, шығармашылық тапсырмалар

Мақсаты:

Республикалық «Сенің-құқығың – менің құқығым» атты онкүндік жоспарына сай ата-аналардың құқықтық сауаттылық деңгейлерін арттыруға ықпал ету. Балаға тәрбие берудегі жауапкершіліктерінің қалыптасуына көмектесу.

Жоспары:

I бөлім

1. Кіріспе сөз

2. Баяндама «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексі»

II бөлім.

1. Тренинг

2. Мәтінмен жұмыс «Бақытты отбасы»

3. Шығармашылық тапсырмалар:

- Бала деген кім?

- Ата-ананың міндеттері мен жауапкершіктері

- Ата-ананың тәулік бойынша іс-әрекеті

- Отбасындағы қарым-қатынастар үндестігінің бір көрінісі

Қорытынды: (бүгінгі сұхбат сабағынан алған әсерлерін білу)

Өту барысы:

1. Құрметті ата-аналар! Бүгін біз сіздерді «Отбасындағы қарым-қатынастар үндестігін қалай құруға болады?» атты кездесуге шақырып отырмыз. Мақсатымыз республика бойынша "Сенің-құқығың - менің құқығым" атты онкүндік өтуіне байланысты құқықтық сауаттылығымызды арттыру. ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі күшіне енді. Ол кодексте жанұя, ата-ананың бала тәрбиесіндегі міндеттері т.б. көрсетілген.

2. Тренинг. Ата-аналар ортаға дөңгеленіп тұрып бүгінгі кездесуден не күтетінін айтады. Содан кейін ата-аналарды топқа бөліп, тапсырмалар беріледі. «Бақытты отбасы» мәтіні.

Бір үлкен отбасында 100 адам өмір сүрген. Олар әрдайым тату болған. Оны естіген патша танданып, үй иесінен себебін сұрайды. Сонда үй иесі қағазға бір сөзді 100 рет жазады. Ол қандай сөз жазды деп ойлайсыздар (пікірлерін білдіру)

3. Ата-ананың бас қуанышы – бала. Ата-ананың басты қызығы, алтын тіреу дінгегі – бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта. Қоғамдағы отбасының мақсаты баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан-жақты қалыптасуына ата-ана мен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, түсінушілік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б. кісілік келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян.

Сонымен «Бала деген кім?» деген тапсырманы орындайық (қағазға жазып көрсетеді)

Мынау жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан-жақты білім, тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеніші – ата-ана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде, яғни 6 сағат мектепте болса 18 сағат өз отбасында тәрбие алады.

Келесі тапсырмада неке және отбасы туралы кодексте айтылғандай, ата-ананың міндеттері мен жауапкершіліктерін білуге тиіспіз, соны қағазға түсіресіздер.(кестеге жазып береді)

Ата-ананың міндеті

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын адал өмір сүруге бейімдеу;
2. Білім алуына көмектесу;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасау;
4. Ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектеп өмірімен танысуға;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келетін темекі, арақ т.б улы заттарды қолдануға, балаға зиянды екенін түсіндіруге;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» - деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Ата-ананың жауапкершілігі

1. Балаға деген адамгершіліксіз әрекет жасағаны үшін жауапты;
2. Мұғалімге, мектептің педагогикалық ұжымына балағаттау және әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін жауапты;
3. Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.
4. Баланың адамгершілік тәрбие алуы үшін, өз отбасында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты.
5. Мектептен кейінгі баланың білім мен тәрбие алуына бақылау жасауына жауапты
6. Кәмелеттік жасқа жеткенге дейінгі баланың саламатты өмір салтына сай тәрбие алуына жауапты.

Келесі тапсырма ата-ана диаграмма құрастыру арқылы бір тәуліктегі жұмысын бөліп көрсетеді (сағат бейнеленген қағаз беріледі)

Рольдік ойын: әр топ жанұя мүшелерінің рөлін алып баламен сөйлесу мәнерін көрсетеді (сөздер: ата,әже,әке-шеше, апа-аға, іні)

Қорытынды:

Халқымыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі санайды.

Ата-ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы- ол перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Соңында Бүгінгі сұхбат сабағынан алған әсерлеріңіз? деген тапсырманы орындайды.

Жаңа ақпарат (психологтың кеңесі)

«Еңбек атаулының бәрі де бағалы, өйткені ол адамды ізгілендіреді»

Л.Н. Толстой

Адам өзінің болашақ кәсібіне әртүрлі жолдармен келеді.

Бірулер үшін - ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін- әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң т.б. мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін өз бейімділігін тануы қажет.

Өз - өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоймайтын адам кем де кем.

Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жана күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі.

Зор ықылас, шабытпен істеген іс - табыс биігіне жеткізетін қанат!

НЕ ҮШІН БАЛАЛАРҒА ЕРТЕГІ ОҚИМЫЗ?

Оқылған ертегіні талқылау

Оқылған ертегіні талқылау қажеттілігі туралы ұмытшыңыз. Егер бала бәрін түсінеді деген сенімде болсаңыз да, кейінгердің қай жерде дұрыс әрекеттер жасап, ал теріс қылықтарының үлгісі не болғанын түсіне алғанына көз жеткізу. Ертегі туралы тағы бір рет талқылап, баланың кейінгерлердің іс-әрекеттері туралы бәрін түсінетініне, оны дұрыс анықтай алғанына, олардың қай жерде бұрмаламағанына сенімді болу керек. Шырталас арқылы сіз баланың кейбір жасырын қорқынышын біле аласыз.




Балаға арналған ертегілерді дұрыс таңдау

Ертегі баланың жасына, психологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес таңдалуы керек.

Екі жасында балалар қайталанатын, айырым ерекшеліктері бар ертегілерді жақсы көреді. Мысалы, «Үйшік», «Бауырсақ», «Шалқын» ертегілері. Ертегілердегі жануарлардың кейінгерлерін бала есінде жақсы сақтайды. Бала ертегі кейінгерлерінің дауыстарын қайталап, оларға сәйкестенді жақсы көреді.

Екі жасдан бес жасқа дейін баланың қызығушылығы дамиды. Осы кезеңде балаға қызық-қайығы ертегілерді сатып алу керек, ол оған міндетті түрде ұнайды.

Бес жасдан жеті жасқа дейін, әдетте, бала динамикалық сюжетті ертегілерге, шатырман оқиғалы әдебиеттерге қызығушылық танытады.



ҚЫЖТҚО
мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі
Алматы қаласы



Ата - аналарға психологиялық кеңес

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіргіңіз.
2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым - қатынас жасауға үйретіңіз.
6. Баланың әріп жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
7. Балаға баға бермеңіз, оның іс - әрекетін бағалаңыз.
8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.
9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
10. Баланың «бақытты кездер банкісі» туралы ойлаңдар.
11. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.
12. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

Ата – аналарға кеңес

1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
2. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс - әрекетпен айналысып отырса.
4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой - пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым - қатынам жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т. б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

Ата-аналарға арналған кеңес

БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

«Балабақшаға алғаш келгенде» ата-аналарға арналған кеңес

Танымайтын ортада жарты сағат болудың өзі балаға өте ауыр тиеді. Сондықтан алғаш балабақшаға барған бала жаңа ортаға бірден бейімделіп кете алмайтындықтан, ата-аналарға бірнеше ақыл-кеңес ұсынамыз:

- Баланыды бөгде (тыныс емес) адамдармен, үлкендермен, балалармен қарым-қатынас жасауға бейімдеңіз.
- Балалар саябағына, мерекелерге, ойын аландарына үнемі апарып, құммен ойнауға үйретіңіз.
- Достарының туған күніне балаңызбен бірге барып, өзін қалай ұстайтынын бақылыңыз (ұялшақтығы, балалармен тіл табысуы, еркін сезінуі т.б.)
- Мамандардың айтуынша баланың балабақшаға баруы өте маңызды. Балабақшада тәрбиеленген бала мектепке баруға ғана дайындалып қоймай, психологиялық әлеуметтік тұрғыдан да дайындалады. Егер қолыңыз бос болса, баланы төртке толғанша анасы өзі баққаны дұрыс. Себебі, бұл жасқа дейін сәби анасына тым жақын болады да, анасынан бөлек өмірге көнгісі келмейді, қыс бойы ауырып, мазасы кетеді.
- Балаңыз балабақшаға берердің алдында балабақшамен және тәрбиешімен, балалармен таныстырып, баланың назарын таныс ойыншықтарға аударыңыз. Балаңызға не ұнайтынын, не ұнамайтынын, қандай дағдыларды меңгергендігін, қандай көмек керек екендігі, мадақтау мен жазалаудың қандай түрін қолдану тиімді анықтап алаңыз.
- Алғашқы күні балаңызды балалардың серуені кезінде алып келіңіз. Бұл орын үйіңіздің алдындағы аулаға ұқсайтындықтан, бала көп жатсына қоймайды, балалармен, тәрбиешімен танысуға ыңғайлы.
- Егер бала бейтаныс адамдарға жақындамаса, күштеп, зорлап әрекет жасаудан аулақ болыңыз. Бала бейтаныс адамдарға біртіндеп үйренеді.
- Балаңыз балабақшаға алғаш келген күні жалғыз қалдырмаңыз. Азғана уақыт болса да, балаңызды қасында болыңыз. Жаңа ортада анасының қасында болуы баланың сенімділігін арттыра түседі.
- Баланың балабақшада болатын уақытын көбейте отырып, үйдегі жағдайды балабақшадағы күн тәртібіне ұқсас ұйымдастырыңыз, балаңызды өз бетімен киінуге, шешінуге, тамақтануға, беті-қолын жууға т.б. үйретіңіз.
- Басқа балалардың жылағанын көрмес үшін балаңызды балабақшаға сәл кештеу әкеліңіз. Алайда бұл жөнінде тәрбиешімен ақылдасып алуды ұмытпаңыз.
- Кешке жақын балаңызды балабақшадан алып қайтарда ата-аналар балаларына қалай келетінің, қандай көңіл-күймен қарсы алатының, балалар бір-бірімен қалай қоштасатының бақылаңыз. Бұл балаңызды балабақшаға еркін келуіне жол ашады.
- Балабақшадан қайтарда балаңыздан кіммен достасқаны, қандай ойыншықпен ойнағаны туралы сұрап біліңіз. Жақсы істеріне үнемі қолдау көрсетіп отырыңыз.

Балаға не үйрете аламыз?


Бала мектептен емес, мектепке дейін білімнен хабары болуы керек. Санау, жазу, бояу, ойлау, құрастыру секілді жеңіл істерді мектепке дейін біліп барғаны жақсы. Ол үшін баланы арнайы курстарға жаздырудың қажеті жоқ. Бұл істерді кішкентай балаға сабақ деп емес, ойын ретінде ұсынған тиімді. Өйткені, әлі тақта көрмеген бала ойыннан ажырай алмайды. Сол үшін сабақты баланың тілінде – ойын тілінде үйреткен дұрыс. Олай болса, сіздерге мынадай кеңес ұсынамыз

Балаларға кеңес

- Біреудікін тартып алма, өзіңдікін берме
- Ешбір себепсіз соғыспа
- Ойнауға шақырса бар, шақырмаса ойнауға рұқсат сұра, бұл ұят емес
- Әділ ойна, өз досыңды сатпа
- Біреуді мазалама, сұрақты екі рет қайталама
- Ескертулерге ренжіме, көкіректі бол. Ескертулер үшін мұғаліммен санаспа, ренжіме
- Біреуге жала жаппа
- Өтірік сөйлеме
- Таза жүруге тырыс
- Жиі айт: дос болайық, ойнайық, бірге үйге барайық
- Есте сақта! Сен жақсысың, ешкімнен кем емессің. Сен ата-анаң үшін, мұғалім, достарың үшін қымбатсың


С.Соловейчик





Құрметті ата-аналар:

- Баланы сынап берсе, ол жеккөргенді үйренеді.
- Бала өкпешілдікпен өссе, ол қатыгездікті үйренеді.
- Балаға күле берсе, ол тұйық болып өседі.
- Балаға сөгіс бере-берсе, ол кінәлі сезіммен өседі.
- Шыдамдылықпен өссе, басқаларды қабылдауды үйренеді.
- Баланы қолдап тұрса, ол өзіне сенуді үйренеді.
- Баланы мадақтап өсірсе, ол игілікті болып өседі.
- Бала шындықта өссе, ол әділетті болып өседі.
- Ол қауіпсіздікте өссе, адамдарға сенеді.
- Баланы орынсыз әлпештей берсе, ол өзімшіл болып өседі.





Ата-аналарға психологиялық кеңес

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол калпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінizi сездіріңіз.
 2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
 3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
 4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
 5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
 6. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
 7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.
 8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.
 9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
 10. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да осылай қарайды.
- Мен Жалшы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

Ата-аналарға кеңестер

БЕЙІМДЕЛУ КЕҢЕСТЕРІ:

Кеңес береміз:

— Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

— Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз

— Үйдегі жағдайда баланың өзіне — өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

— Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

— Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

— Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

— Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

— Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады. — Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

— Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет. Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.

13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

Ата-аналарға психологиялық кеңес

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты баланың; жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Аталған нысаныға жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

-Отбасында баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптасыру.

— Еңбек сүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету.

-Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету.

-Оқудың, білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдеп-дағдыларын қалыптастыру.

-Отбасында баланың икемділігі мен қабілетін байқап, кәсіптік жағынан бағдарлау.

-Өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

-Баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауға дайын болуға үйрету.

-Бақылау, тексеру, бағалау.

-Тәртіптікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа, сергектікке, естілікке, т. б. баулу.

Өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу.